

«БЕКІТЕМІН»
«Арт-Союз» шығармашылық бірлестігі
«Таланты Қазақстаны» жобасының директоры
_____Алимова Ж.Т.

ЕРЕЖЕ

**«Таланты Қазақстаны» атты балалар, жасөспірімдер мен
ересектер шығармашылығы бойынша
Халықаралық көпжанрлық фестивалі төңірегіндегі
«Новый Формат» байқауы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ереже «Новый Формат» байқауының мақсаттарын, міндеттерін, өткізу ретін, қатысушыларды марапаттау, байқаудың жеңімпаздарын анықтап марапаттау сұрақтарын шешеді (бұдан әрі мәтін бойынша - Байқау).

1.2 Байқау ұйымдастырушысы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Fartuna Largus» ЖШС.

1.3 Ұйымдастыру комитеті Байқудың Ережесін, өткізілу мерзімін, қатысу тәртібін анықтайды, жұмыстарды бағалау жөніндегі қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, қатысушыларды, жеңімпаздарды марапаттайды.

2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ОРНЫ

2.1 Байқауды өткізу мерзімі: "2" қараша 2019 жыл

2.2 Байқауды өткізу орны: Тараз қаласы, ДК Баласағұн, Төле би көшесі, 45.

2.3 Өтінімдерді беру мерзімі: 2019 жылдың 25 қазанына дейін.

3. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1 Мәдени-тарихи мұраны сақтау. Ұлттық мәдениеттерді дамыту және біріктіру, шығармашылық үрдісте әлемнің түрлі елдерінің тарихи мұрасы мен мәдени құндылықтарын құрметтеу атмосферасын қалыптастыру;

3.2 Байқау жаңа таланттарды ашу және оларға қолдау көрсету мақсаттарына, әлеуметтік белсенділік пен тұлғаның

шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталған;

3.3 Ұжымдар мен ұжым жетекшілері арасындағы достық қарым-қатынас пен шығармашылық байланыстарды орнату және дамыту, шығармашылық қарым-қатынас ортасын құру үшін жағдай жасау;

3.4 Әсемдікке тәрбиелеу және жас орындаушыларды мәдениет пен өнердің үздік үлгілеріне баулу;

3.5 Талантты және дарынды жастарды анықтау және олардың шығармашылық өсуіне жәрдемдесу;

3.6 Балалар, жастар мен ересектердің шығармашылығын дамыту және ынталандыру.

4. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

4.1 Халықаралық байқауға балалар өнер мектептері, балалар музыка мектептері, демалыс орталықтары, мәдениет үйлері, балалар және жасөспірімдер шығармашылығы сарайлары негізінде хореография, вокал, хор, аспаптық орындау, театр шығармашылығы, біртума жанр, модельдік агенттік, сән театрлары, суретші-дизайнерлер және басқа да түрлі жанрлар мен бағыттардағы әуесқойлық және кәсіби шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушылар, орта арнаулы, жоғары музыкалық және көркемөнер оқу орындарының оқушылары, фотостудия, секция, жалпы білім беретін мектептер мен басқа да Қазақстан, ТМД және әлемнің барлық елдерінің мекемелері шақырылады.

4.2 Қатысушылардың жас өлшемдері: **3-тен 50+ жас**, келесі жас ерекшеліктері бойынша:

3-5 жас, 6-9 жас, 10-12 жас, 13-15 жас, 16-20 жас, 21-25 жас, 25-50+ жас.

5. БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

5.1 Байқауға келесі номинациялар ұсынылуы мүмкін:

вокал - эстрадалық, классикалық, патриоттық жанр, авторлық ән;

хор - академиялық, халық, фольклор;

аспаптық шығармашылығы - классикалық, әр түрлі музыкалық аспаптардағы эстрадалық шығармалар;

бейнелеу өнері - сәндік-қолданбалы өнер, кескіндеме, графика, фотографика;

хореография - кез келген жанр, стилистика мен бағыттарда;

актерлік шеберлік - көркем сөз, театрлық қойылым, мюзикл;

халық әні - домбырамен немесе басқа аспаппен;

костюм байқауы- ұлттық киімдер, шығармашылық нөмір, модельдік, сахналық костюм.

6. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

6.1 Байқауға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне 2018 жылдың "23" қыркүйегіне дейін хаттың тақырыбын, қатысушылардың санын, қатысушылар мен жетекшілердің аты-жөнін, номинациясын жазып Өтінім жіберу керек.(№1 қосымша). Барлық өтініштер Ұйымдастыру комитетінің осы Ережеде, Ереженің №1 Қосымшасында, сондай-ақ Байқау өткізу туралы баннерлерінде жарияланған электрондық поштасына жолданады.

6.2 Әншілер, шағын топтар, ұжымдар ұзақтығы 5 минуттан аспайтын 1 нөмір ұсынуға тиіс (қосымша қатысу Ережеде көрсетілген тарифтер бойынша жеке 30% жеңілдікпен төленеді).

6.3 "Вокал" номинациясында конкурстық шығармаларды "минустік" өңдеуде ғана қолдану рұқсат етіледі.

6.4 Байқаудың өнер көрсету тәртібін Ұйымдастыру комитеті анықтайды. Өнер көрсету блоктар, сондай-ақ жекелеген нөмірлермен өтеді.

6.5 Кез келген нөмір фонограммасы MP3 форматта (аудио файл), жоғары дыбыс сапасында болуы тиіс және Өтініммен бірге Ұйымдастырушылардың электрондық поштасына жіберілуі керек.

6.6 Байқауға қатысушылардың жетекшілері/ата-аналары өтінімді беру кезінде автоматты түрде Ереженің барлық тармақтарымен, келісетіндігін растайды, сондай-ақ қатысушы конкурстық іс-шараларға қатысатынына келісімін береді. **Бұл Ереже автоматты түрде байқауға шақыру болып табылады.**

6.7 Қатысушыларды марапаттау Байқау өткізілетін күні болады. Алдын ала дипломдар берілмейді, нәтижелері

жарияланбайды. Дипломдар мен сыйлықтар байқаудан кейін жіберілмейді.

6.8 Ұйымдастыру комитеті Байқауға қатысушыны, шығармашылық ұжымды, Жетекшіні байқаудың ішкі Ережесін, тәртіпті бұзғаны үшін, сонымен қоса ұйымдастыру комитеті мүшелеріне, қазылар алқасы мен басқа да қатысушыларға көрсеткен бұзақы тәртібі үшін байқауға қатысу құқығынан айыра алады.

6.9 Байқау Ұйымдастырушылары қатысушылар мен жетекшілердің дайындық жүргізу кезінде, байқауды өткізу, марапаттау барысында зейінсіздік, немқұрайлық нәтижесінде алған жарақаттары, сынықтары және өзге де дене жарақатын алғандары үшін жауап бермейді.

6.10 Байқау Ұйымдастырушылары байқауды өткізу орнында (өнер көрсету залы, киім ілетін орын, қатысушылардың киінетін бөлмесі және басқа да кабинеттер) жоғалған не ұрланған заттар үшін (оның ішінде музыкалық аспаптар, жеке заттар, қымбат бағалы және өзге де заттар) жауап бермейді.

6.11 Осы Ережеде айтылмай кеткен сұрақтарды тек Ұйымдастыру комитеті шешуге құқылы. Ұйымдастыру комитеті байқаудың регламентіне кез келген өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6.12 Барлық қатысушылар Байқау өтетін күні кешігусіз, уақытылы келуге міндетті. Кешіккен жағдайда, Ұйымдастырушы қатысушыны себептерін түсіндірмей Байқаудан шығарып тастауға құқығылы.

7. САРАПТАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

7.1 Байқауда бағдарламаны біліктілік принципі бойынша бағалау қолданылады.

7.2 Ұсынылған жұмыстарды сараптамалық бағалаудан өткізу Ұйымдастыру комитеті бекіткен ҚР және ТМД өнер мен мәдениет қайраткерлері мен білікті мамандарынан тұратын Байқау комиссиямен (қазылар алқасы) жүзеге асырылады.

7.3 Қазылар алқасы қатысушылардың материалдық мүмкіндіктерін, әлеуметтік қатыстылығын, ұлтын ескермейді,

тек осы Ережеге сәйкес қатысушылардың шығармашылығын ескереді.

7.4 Қазылар алқасы Байқауды жабық дауыс беру арқылы, баллдық жүйемен бағалайды.

7.5 Қазылар алқасының құқығы:

- сайыскерлерге сыйлықтарды бөлу;
- қатысушыларға Гран-при (лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, гран-при берілмейді), сондай-ақ өзге де сыйақыны тағайындау;

- арнайы сыйлықтарды тағайындау.

7.6 Қазылар алқасы байқау бағдарламасын келесі критерийлер бойынша бағалайды: нөмірдің көркем мәнерлілігі, орындаушылық шеберлігі, әртістік қабілеті, репертуардың қатысушының жас ерекшелігіне сәйкестігі, костюмі.

7.7 Бағалау кезінде жарықпен сүйемелдеу (түрлі арнайы әсерлер) қазылар алқасы назарына алынбайды.

7.8 Қазылар алқасының шешімі шағымдауға жатпайды.

7.9 Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасы шығарған үкімге, олар тағайындаған сыйақыларға жауап бермейді.

8. БАЙҚАУ МАРАПАТТАРЫ

8.1 Байқау қорытындысы қатысушылардың жас ерекшеліктерін, әр номинацияны ескере отырып жүргізіледі және Гран-при, I-ші, II-ші, III-ші деңгейлі лауреат атағын, арнайы дипломдар мен т.б. атақтарды ескере отырып, тағайындауды көздейді.

8.2 Әр номинация бойынша Гран-при (атаулы кубок)

8.3. 3-5 жас аралығындағы Бүлдіршіндер (гран-при)

6-9 жастағы Балалар (гран-при)

10-12 жастағы Жасөспірімдер (гран-при)

13-15 жастағы Жасөспірімдер (гран-при)

16-20 жасқа дейінгі Жасөспірімдер 2 (гран-при)

21-25 жастағы Ересектер (гран-при)

25-50+ Үлкендер (гран-при)

I-ші, II-ші, III-дәрежелі Лауреаттар (Алтын медальдар).

Барлық қатысушыларға атаулы дипломдар.

Әрбір қатысушының жетекшісі мен концертмейстеріне "Алғыс хат". Өзге басшыларға Алғыс хаттар беру - қосымша ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

9. ҚҰНЫ

9.1 Байқауға қатысу төлемі байқауға қатысу өтінімі берілген күні ұйымдастырушының есеп шотына жіберіледі. Төлем құжатының сканерленген нұсқасы Өтінімнің қосымшасы ретінде Ұйымдастырушылардың электронды поштасына жіберіледі.

9.2 Төлемді мәртебесіне қарамастан кез келген банкте жүзеге асыруға болады немесе кез келген почта бөлімшесінде қолма-қол мына деректемелер бойынша төлеуге болады:

ТОО «Fortuna Largus»

Адрес: 010019, Нұр Сұлтан к, Г.Мүсірепов к, 8, 409 офис

Халық банк

ИИК: KZ186017111000001504

БИК: HSBKZZKX

БИН: 170140000809

КБЕ: 17

КНП: 859

9.3 Жарналар сомасы:

Соло – 14 000 теңге

Дуэт және трио – 8 500 теңге әрбір қатысушыдан

4-6 адамға дейінгі топ – 4 500 теңге әрбір қатысушыдан

7 және одан да көп адамнан тұратын топ – 4 000 теңге әрбір қатысушыдан

Бейнелеу өнері – әр жұмыс үшін 9 000 теңге

9.4 Қатысушының(лардың) төленген ақшалай қаражаты кейін байқауға қатысудан бас тарту кезінде қайтарылмайды.

Ұйымдастырушы бағдарлама бойынша барлық сұрақтарға (регламент, қосымша фестивальдік іс-шаралар туралы ақпарат, шеберлік сыныптар мен т.б.) жауаптарды Сіздердің электрондық байланыс мекен-жайларыңызға жібереді. Ақпарат жоғалмау үшін БАРЛЫҚ кіріс хабарларды бақылауды өтінеміз.

Байланыс телефондарымыз: Шынар +7-775-144-41-04, (WhatsApp)

Гүлсім 8-707-752-15-31

№1 қосымша
Байқау - "Новый Формат", Тараз қ.,
talantykazakhstana@mail.ru поштасы арқылы
2019 жылдың "25" қазанына дейін қабылданады

Қатысушының аты-жөні Ұжымның атауы	
Қатысушының жасы	
Қала	
Номнация	
Жетекшінің аты-жөні	
Оқу-орнының атауы	
Композиция атауы	
Жетекшінің байланыс телефоны	
Ата-ананың байланыс телефоны	
Электрондық поштаның e-mail	
Хронометраж (орындау ұзақтығы)	
Қатысушылар саны	
Керекті микрофон саны, реквизиттер	
Мекендеу сұрағы бойынша қосымша ақпарат (тек қонақ үйлерінде)	

Мен _____, мәлімдеген топ атынан әрекет етуге уәкілеттімін. Мен және барлық мәлімделген топ мүшелері, ережеде және регламентте жазылған байқау шарттары әрі талаптарымен таныстық және келісеміз. Байқауға қатысудан бас тарту жағдайында Өтінімді тіркеу жөніндегі ақша қаражатын қайтармау шартын және осы ереженің басқа да шарттарын қабылдаймын.

*Өтінімге қоса байқау материалы: (MP3 форматтағы музыкалық сүйемелдеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерленген нұсқасы) жіберіледі.